

"Ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясы туралы 1969 жылғы конвенцияны Қазақстан Республикасының бекітуі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 ақпан N 185

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясы туралы 1969 жылғы конвенцияны Қазақстан Республикасының бекітуі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Ауыл шаруашылығындағы
еңбек инспекциясы туралы 1969 жылғы конвенцияны
Қазақстан Республикасының бекітуі туралы

1969 жылғы 25 маусымда Женевада қабылданған Ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясы туралы конвенция бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Халықаралық еңбек конференциясы

129-конвенция

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ИНСПЕКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

Женевада Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі шақырған және 1969 жылдың 4 маусымында өзінің елу үшінші сессиясына жиналған Халықаралық Еңбек Ұйымының Бас Конференциясы

қолданылып жүрген еңбек инспекциясына қатысты еңбек мәселелері жөніндегі халықаралық конвенциялардың, мәселен өнеркәсіп пен саудада қолданылатын 1947 жылғы Еңбек инспекциясы туралы конвенцияның және 1958 жылғы Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының шектеулі санатын қамтитын плантациялар туралы конвенцияның ережелерін назарға ала отырып, ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясы жөніндегі халықаралық нормаларды қабылдаудың қажеттігін жалпы ескере отырып, сессияның күн тәртібінде төртінші тармақ болып табылатын ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясы туралы бірқатар ұсыныстарды қабылдау туралы қаулы ете отырып, осы ұсыныстарға халықаралық конвенция нысанын беруді шеше отырып, осы бір мың тоғыз жүз алпыс тоғызыншы жылдың маусым айының жиырма тоғызыншы жұлдызында 1969 жылғы Ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясы туралы конвенция деп атауға болатын осы Конвенцияны қабылдайды.

1 - б а п

1. Осы Конвенциядағы "ауыл шаруашылық кәсіпорны деген термин жер өңдеумен, мал өсірумен және оларды күтуді қоса алғанда, мал шаруашылығымен, орман шаруашылығымен, ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеумен, немесе ауыл шаруашылық жұмыстарының кез келген басқа түрлерімен жер өңдеушінің өзі айналысатын кәсіпорындарды немесе кәсіпорындардың бөліктерін білдіреді.

2. Қажет болған жағдайда, өкіметтің уәкілетті органы, бір де бір ауыл шаруашылығы кәсіпорнын еңбек инспекциясының ұлттық жүйесінен шығарып тастамау үшін, мүдделі кәсіпкерлер мен еңбекшілердің неғұрлым өкілетті органдарымен, ондайлар бар болған жерде, консультациялар жүргізілгеннен кейін, бір жағынан ауыл шаруашылығы, екінші жағынан өнеркәсіп пен сауданың арасында болатын айырмашылықты ескереді.

3. Қайсыбір кәсіпорынға немесе кәсіпорынның бір бөлігіне қатысты

Конвенцияны қолдану жөнінде күдік туындаған жағдайда, мәселені өкіметтің

құзыретті органы шешеді.

2-бап

Осы Конвенциядағы "заң ережелері" деген термин заңдар мен қаулылардан басқа арбитраждық шешімдер мен қолданылуын еңбек инспекторлары қамтамасыз ететін заң күші бар ұжымдық шарттарды қамтиды.

3-бап

Осы Конвенция өзіне қатысты күшінде болатын Халықаралық Еңбек Ұйымының әрбір Мүшесінің ауыл шаруашылығында еңбек инспекциясының жүйесі болуы міндетті.

4-бап

Ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясының жүйесі, олардың сыйақысының түрі мен жобасына, олардың еңбек шартының нысаны мен ұзақтығына қарамастан, еңбекшілер мен оқушылар жалданып жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына қолданылады.

5 - б а п

1. Ұйымның осы Конвенцияны бекітетін кез келген Мүшесі ратификациялауға қоса берілетін өтінішінде өзінің ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясы жүйесін ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмыс істейтін адамдардың мынадай бір немесе бірнеше санатына қолдануға міндеттемені өзіне алуы мүмкін:

- а) жалдамалы еңбекті пайдаланбайтын жалға алушылар, сыбағаластар мен осындай санаттағы ауыл шаруашылығы еңбекшілері;
 - б) ұжымдық шаруашылыққа қатысушы адамдар, мәселен, кооператив мүшелері;
 - с) ұлттық заңның белгілеуіне сәйкес ауыл шаруашылығы кәсіпорны басшысы
- о т б а с ы н ы ң м ү ш е л е р і .

2. Ұйымның осы Конвенцияны бекіткен кез келген Мүшесі ратификациялаудан кейін жоғарыдағы тармақта аталған және осының алдындағы өтінішіне байланысты әлі де қамтылмаған адамдардың бір немесе бірнеше санаттарына ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясы жөніндегі өз жүйесін қолдануды өз міндетіне алатынын көрсете отырып, Халықаралық еңбек Бюросының Бас Директорына өтініш

ж і б е р у і

м ү м к і н .

3. Ұйымның осы Конвенцияны бекіткен әрбір Мүшесі Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының 22-бабына сәйкес ұсынатын өзінің баяндамаларында, 1-тармақта көрсетілген және осының алдындағы өтінішіне байланысты әлі де қамтылмаған адамдардың санаттарына осы Конвенцияның ережелерін қандай шамада қолданатынын немесе қолдануға ниеттенетінін көрсетеді.

б - б а п

1. Ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясы жүйесінің мынадай функциялары б о л а д ы :

а) заңнама ережелерін, мәселен, жұмыс уақыты, жалақы, күнделікті демалыс пен жыл сайынғы демалыстар, еңбек қауіпсіздігі, денсаулық сақтау мен тұрмыстық қызмет көрсету, әйелдердің, балалар мен жасөспірімдердің еңбегін пайдалану туралы және басқа да осындай мәселелер жөніндегі ережелерді жұмыста еңбекшілерге еңбек жағдайын жасау мен оларды қорғау саласында қолдануды аталған ережелердің сақталуына еңбек инспекторларына қандай бақылау жүктелгеніне қарай шамада қ а м т а м а с ы з е т у ;

б) кәсіпкерлер мен еңбекшілерге заңнама ережелерін сақтаудың неғұрлым тиімді құралдары туралы техникалық ақпараттар мен консультациялар беру;

с) қолданылып жүрген заңнамада ережелерінің күші қолданылмайтын кемшіліктер немесе теріс пайдаланушылықтар туралы өкіметтің құзыретті органын хабардар ету, заңдарды жақсартуға қатысты ұсыныстар енгізу.

2. Ұлттық заңнамаға сәйкес ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекторларына консультациялық функциялар немесе еңбекшілердің және олардың отбасыларының тұрмыс жағдайларына қатысты заң ережелерінің қолданылуын бақылау функциялары ж ү к т е л у і м ү м к і н .

3. Ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекторына жүктелуі мүмкін кез келген міндеттер олардың өзінің негізгі міндеттерін тиімді орындауына кедергі жасамауға немесе инспекторлардың кәсіпкерлер мен еңбекшілердің арасындағы қарым-қатынасында қажет болатын беделі мен риясыздығына ешбір жағдайда нұқсан к е л т і р м е у г е т и і с .

7 - б а п

1. Ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясы Ұйым Мүшесінің әкімшілік тәжірибесімен сыйысатын дәрежеде орталық органның қарауында және бақылауында б о л а д ы .

2. Федеративтік мемлекет үшін "орталық орган" деген сөз не федерацияның

орталық органы, не федерацияның құрамдас бөліктерінің бірінің федералдық органы дегенді білдіруі мүмкін.

3. Ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясын, мәселен:

а) шаруашылық іс-әрекеттің барлық секторлары үшін жауап беретін еңбек инспекциясының бірыңғай органы;

б) ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясы жүктелген инспекторлардың тиісті даярлығы арқылы қамтамасыз етілген ішкі функционалдық тұрғыдан мамандандырылған еңбек инспекциясының бірыңғай органы;

с) қызметкерлеріне ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясы алдағы уақытта жүктелетін техникалық білікті қызмет құру арқылы қамтамасыз етілген ішкі институционалдық тұрғыдан мамандандырылған еңбек инспекциясының бірыңғай органы;

д) немесе іс-әрекетін басқа салалардағы мысалы өнеркәсіптегі көліктегі және саудадағы еңбек инспекцияларына қатысты дәл сондай өкілеттіктері бар орталық орган бақылайтын ауыл шаруашылығындағы мамандандырылған инспекция қызметі жүзеге асыруы мүмкін.

8 - б а п

1. Мәртебесі мен жұмыс жағдайы қызмет жағдайының тұрақтылығын қамтамасыз ететін және оларды үкіметтегі кез келген өзгерістерден және қайсыбір ұнамсыз сыртқы әсерлерден тәуелсіз ететін мемлекеттік-қызметшілер инспекцияның персоналын құрайды.

2. Ұлттық заңнамаға немесе тәжірибеге қаншалықты сәйкес болуына қарай Ұйым Мүшелері өздерінің ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясы жүйесіне, қызметтері еңбек инспекторларының қызметін толықтыра алатын кәсіптік ұйымдардың қызметкерлерін немесе өкілдерін енгізе алады. Осы қызметкерлер мен өкілдер функцияларының тұрақтылығына кепілдік беруді және қайсыбір ұнамсыз сыртқы әсерлерден тәуелсіз болуын қамтамасыз ету қажет.

9 - б а п

1. Мемлекеттік қызметке қызметкерлерді қабылдаған жағдайда ұлттық заңдарда көзделуі мүмкін барлық талаптар сақталған жағдайда, ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекторлары оларға жүктелетін міндеттерді орындауға жарамдылығы негізінде ғана қабылданады.

2. Мұндай жарамдылықты тексерудің әдістерін құзыретті органдар белгілейді.

3. Ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекторлары өздерінің қызметтерін жүзеге асыру үшін тиісті дайындықтан өтеді және оларды жұмыс барысында тиісінше қосымша оқытумен қамтамасыз ету үшін барлық шаралар қолданылады.

10-бап

Қызметкерлер құрамына ер адамдармен бірге әйелдерде де кіруі мүмкін. Қажет болған жағдайда, ер адам инспекторлар мен әйел инспекторларға тиісінше ерекше міндеттер жүктелуі мүмкін.

11-бап

Ұйымның әрбір Мүшесі техникалық білімді қажет ететін мәселелерді шешу кезінде ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясының жұмысына білікті сарапшылар мен мамандарды елдің талаптарына неғұрлым лайықты деп танылуы мүмкін нысанда тарту үшін барлық шараларды қолданады.

1 2 - б а п

1. Өкіметтің құзыретті органы, бір жағынан ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясы қызметі, екінші жағынан үкіметтік қызметтер, сондай-ақ осы тақылеттес іс-әрекетті жүзеге асыратын қоғамдық немесе аты танылған мекемелердің арасындағы тиімді ынтымақтастыққа жәрдемдесу үшін тиісті шаралар қабылдайды.

2. Қажет болған жағдайда, өкіметтің құзыретті органы аймақтық немесе жергілікті деңгейдегі еңбек инспекциясына қатысты кейбір функцияларды көмекші жұмыс ретінде орындауды тиісті үкіметтік қызметтерге немесе қоғамдық мекемелерге тапсыра алады, немесе, осы Конвенцияда белгіленген қағидаттардың қолданылуына нұқсан келтірілместен, осы қызметтер мен мекемелерді аталған функцияларды орындауға т а р т у ы м ү м к і н .

1 3 - б а п

Өкіметтің құзыретті органы ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясының қызметкерлері мен олар бар болған жағдайда кәсіпкерлер, еңбекшілер немесе олардың ұйымдарының арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесу үшін тиісті шараларды қ а б ы л д а й д ы .

Инспекциялық қызметтің функцияларын тиімді түрде іске асыру үшін, ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекторларының жеткілікті санын қамтамасыз ету мақсатында шаралар қолданылуы тиіс, және осы сан төмендегілер ескеріле отырып белгіленеді:

- a) инспекторлар орындауға тиісті міндеттердің маңыздылығы, атап айтқанда:
 - i) инспекциялауға жататын ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының саны, сипаты, көлемі және орналасқан жері;
 - ii) осы кәсіпорындарда жұмыс істейтін еңбекшілердің саны мен санаттары;
 - iii) қолданылуын олар қамтамасыз етуге тиісті заң ережелерінің саны мен күрделілігі;
- b) инспекторлардың иелік етуіне берілген материалдық құралдар және;
- c) тиімді болуы үшін олардың кезінде инспекциялық тексерулер жүргізілуі тиіс іс жүзіндегі жағдайлар.

15-бап

1. Өкіметтің құзыретті органы ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекторының иелігінде төмендегілердің болуы үшін қажетті шаралар қабылдайды:

- a) ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының және жұмыс істеп тұрған байланысты құралдарының географиялық орналасуы ескеріле отырып орналастырылған, инспекциялық қызметтің мұқтаждықтарына сәйкес жабдықталған және барлық мүдделі тұлғаларға мүмкіндігінше ашық жергілікті бюролар;
- b) тиісті қоғамдық көлік құралы болмаған жағдайда, олардың функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті көлік құралдары.

2. Өкіметтің құзыретті органы ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекторларына олардың қызметін жүзеге асыру үшін қажетті барлық көліктік және кез келген қосымша шығындарды өтеу мақсатында қажетті шаралар қабылдайды.

1. Өздерінің өкілеттіктерін растайтын құжаттары бар еңбек инспекторлары төмендегілерге құқылы:

а) инспекциялауға жататын кез келген жұмыс орнына алдына ала хабарлаусыз күндізгі немесе түнгі кез келген уақытта кедергісіз кіруге;

б) инспекциялауға жатады деп санауға жеткілікті негізі бап барлық орындарға күндізгі уақытта баруға;

с) заң ережелерінің қатаң сақталатындығына көз жеткізу үшін өздері қажет деп санаған бақылауды, тексеруді немесе зерттеуді жүзеге асыруға, атап айтқанда:

i) кәсіпкерге немесе кәсіпорын қызметкерлеріне немесе кәсіпорында жұмыс істейтін кез келген адамға жеке немесе куәгерлердің қатысуымен заң ережелерінің қолданылуына қатысты мәселелер бойынша сұрақтар қоюға;

ii) өмір және еңбек жағдайларының мәселелері туралы заңдар бойынша жүргізілетін кез келген кітаптың, тізілімін немесе басқа да құжаттың заң ережелеріне сәйкестігін тексеру және олардың көшірмесін түсіріп алу немесе көшіріп алу мақсатында оларды ұлттық заңнамада көзделген тәртіппен сұратуға;

iii) материалдардың немесе заттардың талдау жүргізу мақсатында алынғаны немесе әкетілгені туралы кәсіпкерге немесе оның өкіліне хабарлаған жағдайда, пайдаланылатын немесе өңделетін материалдар мен заттардың үлгілерін тексеру үшін алуға және өзімен бірге алып кетуге.

2. Еңбек инспекторлары осы баптың 1-тармағындағы а) немесе б) тармақшаларына сәйкес, ауыл шаруашылығы кәсіпорны басшысының жеке меншік үйіне, осы басшының келісімі немесе өкіметтің құзыретті органының ерекше рұқсаты болмаған жағдайда, кіре алмайды.

3. Егер төмендегі хабарлау функцияларын тиімді орындауына нұқсан келтірмейді деп санаса, инспектор инспекциялық тексеріс жасалған кезде өзінің қатысуы туралы кәсіпорынды немесе оның өкілін, сондай-ақ еңбекшілерді немесе олардың өкілдерін хабардар етеді.

1 7 - б а п

Сонымен, ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясының органдары, өкіметтің құзыретті органы белгілегендей, денсаулыққа немесе еңбек қауіпсіздігіне қатер төндіре алатын жаңа жабдықтарға, жаңа материалдарға немесе заттарға және өнімдерді өңдеудің немесе қайта өңдеудің жаңа процестеріне алдын ала бақылау жүргізуге қатысады.

1 8 - б а п

1. Ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекторлары өздері денсаулыққа немесе еңбек қауіпсіздігіне зиян келтіруі мүмкін деп есептеуге негізі бар қауіпті материалдарды немесе заттарды пайдалануды қоса алғанда, қайсыбір ғимаратты,

жабдықты орналастыруда немесе ауыл шаруашылығы кәсіпорнының еңбек әдісінде байқалған кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдауды талап етуге құқылы.

2. Еңбек инспекторларына, олар осындай шараларды қолдана алуы үшін, заңдарда көзделуі мүмкін сот немесе әкімшілік органдарына шағымдану құқығы сақталған жағдайда, өкімдер беру немесе өкім берілуін талап ету өкілеттіктері беріледі:

а) белгіленген мерзімде ғимараттарға, қондырғыларға, үй-жайларға, құрал-жабдықтарға немесе машиналарға денсаулық немесе еңбек қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі заң ережелерінің қатаң қолданылуын қамтамасыз ету үшін қажетті өзгерістер енгізу туралы;

б) денсаулыққа немесе еңбек қауіпсіздігіне тікелей қауіп төнген жағдайда шұғыл орындауға, тіпті жұмысты тоқтатуға дейін жататын шараларды қолдану туралы.

3. Егер 2-тармақта көзделген рәсім Ұйым Мүшесінің әкімшілік немесе сот практикасына қайшы келсе, инспекторлар өкіметтің құзыретті органына өкім шығару немесе жедел орындауға жататын шаралар қабылдауды талап ету жөнінде өтініш ж а с а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

4. Инспектордың кәсіпорында болған кезінде байқалған кемшіліктер, сондай-ақ 2-тармаққа сәйкес ол берген өкімдер, немесе 3-тармаққа сәйкес қабылдау жөнінде өтініш жасалған өкімдер кешіктірместен кәсіпкерге және еңбекшілер өкілдеріне хабарланады.

1 9 - б а п

1. Өндірістегі жазатайым оқиғалар туралы және ауыл шаруашылығының секторындағы кәсіби аурулар туралы ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясы ұлттық заңнамада көзделген тәртіпке сәйкес хабардар етілуге тиісті.

2. Еңбек инспекторлары өндірісте болатын өте ауыр жазатайым оқиғалардың немесе кәсіби аурулардың, әсіресе оларға бірнеше еңбекші ұшыраған немесе кісі өлімі болған жағдайда, себептерін ізінше тексеруге арналған кез келген тергеуге мүмкіндігінше қ а т ы с а д ы .

2 0 - б а п

Ұлттық заңнамада көзделуі мүмкін айрықшылықтар сақталған жағдайда, ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекторларына:

а) өз бақылауындағы кәсіпорынның жұмысына тікелей немесе жанама түрде мүдделі болуына тыйым салынады;

б) өздеріне таныс өндірістік немесе коммерциялық құпияларды немесе өз функцияларын жүзеге асырған кездегі өндірістік процестерді, оларды тіпті қызметтен кеткеннен кейін де жария етпеу, тиісті санкциялар немесе тәртіптік шаралардың ықпалы арқылы олардың міндетіне жатқызылады;

с) еңбек операцияларындағы кемшіліктерге, қауіп-қатерлерге немесе заң ережелерін бұзушылығына жасалған түрлі шағым көздерін аса құпиялы деп санауға және инспекциялық тексерулердің осындай шағымның түсуіне байланысты болғандығын кәсіпкерге немесе оның өкіліне хабарламауға ұйғарым беріледі.

2 1 - б а п

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын тексерудің жиілігі және жан-жақтылығы тиісті заң ережелерін тиімді қолдануды қамтамасыз ету қажеттілігіне қарай жүзеге а с а д ы .

2 2 - б а п

1. Жүзеге асырылуы ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекторына жүктелген заңнама ережелерін бұзған немесе оларды сақтаудан жалтарған адамдар алдын ала хабарландырылмастан, сот арқылы немесе әкімшілік қудалауға кешіктірілместен тартылады. Алайда, ұлттық заңнамада ерекше жағдайлар ескерілуі мүмкін, болған жағдайды түзеу үшін немесе ескерту шараларын қабылдау үшін алдын ала ескерту ж а с а л ы н у ы т и і с .

2. Сот арқылы іс қозғаудың немесе оны қозғауға ұсыныс жасаудың орнына ескерту жасау немесе кеңес беру керектігі туралы мәселені инспекторлардың өздерінің шешуіне құқығы бар.

23-бап

Егер ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекторларының қудалауды бастауға өздерінің құқығы болмаса, олардың қудалауды қозғауға өкіметтің уәкілетті органына заңнама ережелерінің бұзылуы туралы баяндамалар ұсынуға өкілеті болуға тиіс.

24-бап

Қолданылуы ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекторларының бақылауына жататын заң ережелерінің бұзылғаны үшін және еңбек инспекторларына, олар міндеттерін атқару кезінде көрсетілген қарсы әрекеттер үшін ұлттық заңнама бойынша тиісті санкциялар көзделеді және олар тиімді қолданылады.

2 5 - б а п

1. Еңбек инспекторлары немесе жергілікті инспекциялық қызметтер өздерінің ауыл шаруашылығындағы қызметінің қорытындысы туралы инспекцияның орталық органына ара-тұра баяндамалар ұсынады.

2. Осы баяндамалар белгіленген үлгіде және орталық инспекция органы ара-тұра ұйғаратын мәселелер қамтыла отырып, әзірленеді. Олардың жасалуы жиілігі орталық органның талап етуіне байланысты, бірақ жылына кемінде бір рет ұсынылады.

2 6 - б а п

1. Орталық инспекция органы ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясының қызметтері туралы жыл сайынғы баяндаманы жеке баяндама түрінде немесе өзінің жылдық жалпы баяндамасының бөлігі түрінде жариялайды.

2. Осындай жыл сайынғы баяндамалар, олар жасалған жылдан кейінгі 12 айдан аспайтын ыңғайлы кезеңде жарияланады.

3. Жыл сайынғы баяндамалардың көшірмелері, олар жарияланғаннан кейінгі үш айдан кешіктірілмей, Халықаралық Еңбек Ұйымының Бас Директорына жіберіледі.

2 7 - б а п

Инспекцияның орталық органы жыл сайын жариялайтын баяндамаларда, осы орталық органның бақылауына жататын шамада, атап айтқанда, мынадай мәселелер қ а м т ы л а д ы :

а) ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясының қызметіне қатысты заңдар мен қ а у л ы л а р ;

б) ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясының қызметкерлері;

с) еңбек инспекциясына жататын ауыл шаруашылығы кәсіпорындары туралы

және осы кәсіпорындарды жұмыс істейтін еңбекшілердің саны туралы статистикалық мәліметтер;

д) инспекциялық тексерулер туралы статистикалық мәліметтер;

е) орын алған тәртіп бұзушылықтар мен оған қолданылған санкциялар туралы статистикалық мәліметтер;

ф) өндірістегі жазатайым оқиғалар туралы, олардың себептері туралы статистикалық мәліметтер;

г) кәсіби аурулар, олардың себептері туралы статистикалық мәліметтер.

28-бап

Осы Конвенцияны бекіту туралы ресми құжаттар тіркеу үшін Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберіледі.

29-бап

1. Осы Конвенция ратификациялау туралы құжаттар Бас Директор бекіткен Халықаралық еңбек Ұйымының Мүшелерін ғана байланыстырады.

2. Осы Конвенция Ұйымның екі Мүшесінің ратификациялау туралы құжаттарын Бас Директор тіркегеннен кейінгі он екі айдан соң күшіне енеді.

3. Кейінгі уақыттарда, осы Конвенция Ұйымның әрбір Мүшесіне қатысты, оның ратификациялау туралы құжаты тіркелгеннен кейінгі он екі айдан соң күшіне енетін б о л а д ы .

3 0 - б а п

1. Осы Конвенцияны бекіткен Ұйымның кез келген Мүшесі, оның бастапқы күшіне енген кезінен он жыл мерзім өткеннен соң, оның күшін Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберілген және онда тіркелген денонсациялау туралы акт арқылы жоя алады. Денонсациялау туралы акт тіркелгеннен кейін бір жылдан соң к ү ш і н е е н е д і .

2. Осы Конвенцияны бекіткен Ұйымның әрбір Мүшесі өзінің осы бапта көзделген денонсациялау құқығын осының алдындағы тармақта аталған он жылдық кезең өткеннен соң бір жылдың ішінде пайдаланбаса, ал тағы да келесі он жылдық кезеңге созылады және кейін, әрбір он жылдық кезең өткен сайын, осы бапта көзделген тәртіпті сақтай отырып, осы Конвенцияның күшін жоя алады.

3 1 - б а п

1. Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры Ұйым Мүшелерінен алған ратификациялау туралы құжаттарды, денонсациялау туралы өтініштер мен актілерді тіркеген туралы Халықаралық Еңбек Ұйымының барлық мүшелеріне хабарлайды.

2. Бас Директор алынған бекіту туралы екінші құжатты тіркеу жөнінде Ұйым Мүшелеріне хабарлай отырып, олардың назарын осы Конвенцияның күшіне енген к ү н і н е н а у д а р а д ы .

3 2 - б а п

Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры осының алдындағы баптарға сәйкес тіркеген бекіту туралы барлық құжаттарға, күшін жою туралы өтініштер мен актілерге қатысты толық мәліметтерді Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркеу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына жібереді.

3 3 - б а п

Әрқашан, Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Әкімшілік Кеңесі қажет деп есептеген жағдайда, ол Бас Конференцияға осы Конвенцияны қолдану туралы баяндама ұсынады және Конференцияның күн тәртібіне оны толық немесе ішінара қайта қарай туралы мәселені енгізу қажеттігін шешеді.

3 4 - б а п

1. Егер Конференция осы Конвенцияға толық немесе ішінара өзгерістер енгізетін жаңа конвенцияны қабылдаса, және егер жаңа конвенцияда өзгеше жағдайлар көзделмеген болса, онда:

- а) жаңа қайта қаралған конвенцияның Ұйымның кез келген Мүшесімен бекітілуі, 30-баптың ережелеріне қарамастан, жаңа, қайта қаралған конвенция күшіне енгізілген жағдайда, осы Конвенцияны жедел денонсациялауды өздігінен қажет етеді;
- б) осы Конвенция жаңа, қайта қаралған конвенция күшіне енгізілген

күннен бастап, Ұйым Мүшелерінің бекітуі үшін жабық болады.

2. Осы Конвенция оны бекіткен, бірақ жаңа, қайта қаралған конвенцияны бекітпеген Ұйымның Мүшелері үшін, нысаны мен мазмұны жағынан өз күшінде қалады.

35-бап

Осы Конвенцияның ағылшын және француз тілдеріндегі мәтіндердің күші бірдей.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ